Автор: Темірбекқызы Баршагүл
Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Ақпарат және оны өңдеу
Тақырып: Программалық қамтамасыз ету

Сабаққа негізделген оқу мақсаты	5.1.2.1 -« программалық қамтамасыз ету » ұғымын түсіндіру
Сабақ мақсаттары	-Программалық қамтамасыз ету ұғымын түсінеді; -Операциялық жүйе туралы түсінік алады; -Операциялық жүйенің логотипін ажырат аалады.
Бағалау критерийі	-«Бағдарламалық қамтамасыз ету» ұғымына анықтама береді -Компьютерлік бағдарламалардың бағдарламалық қамтамасыз ету типін анықтайды
Тілдік мақсат	-«Бағдарламалық қамтамасыз ету» ұғымына анықтама береді - түрлі формада ұсынылған ақпаратқа мысалдар келтіре алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (3 минут)	*I Ұйымдастыру кезеңі (психологиялық ахуал орнату)* Топқа бөлу **«Атасының баласы...»** Сыныптағы ата - әжелерінің балаларын шығарып (оқушы санына қарай) қалай еркелететіндігіне байланыста лидер тағайындап сан аралық санамақ секілді оқушылар сыныптастарын еркелетеді. Мысалы: қошақан, құлыншақ, қошақан, құлыншақ... Осылайша әр лқушы өзі еркелеткен сыныптасының тобына барады. 1топ - 2топ –	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 минут)	*II Үй тапсырмасын тексеру* **«Данышпан үкі»** Оқушылар үлестірілмелі қағаздарда көрсетілген өткен тақырыпқа байланысты термин сөздерге түсіндірме жүргізеді. - Клод Шеннон -Ақпаратты жеткізу жылдамдығы -Мәтіндік хабардың ақпараттық көлемі -Ақпараттың өлшем бірліктері -Кб пен Мб айырмашылығы мен ұқсастығы *III Жаңа тақырыпты ашу* **«Адасқан әріптер»** Әріптерден сөз құрастырады: «П Р О Г Р А М М А Л Ы Қ Қ А М Т А М А С Ы З Е Т У» *IV Жаңа тақырыпты түсіндіру* Жаңа тақырыптың материалын интерактивті тақта арқылы көрсетемін. Компьютер іске қосылған соң , ол жүктелгенге дейін біраз күту керек екенін білесіңдер. Бұл компьютерге жүйелік программалық жабдықтаманы жүктеу үшін уақыт керек екенін білдіреді. Жүйелік ПЖ –ға мына программалар жатады : **Операциялық жүйе**-ол компьютердің қондырғылары мен программалық жабдықтамаларының жұмысын басқарады. Операциялық жүйені өндіріс орнының директоры мен салыстыруға болады. **Драйверлер** – компьютерге қосылған түрлі құрылғылардың жұмыс істеуі үшін қажетті программалар. Мәселен, компьютерге жаңа принтер қостық делік. Операциялық жүйе осы принтермен жұмыс істеуі үшін оған программа-драйвер керек. Драйверді-құрылғының компьютермен араласу тілі десек болады. Әдетте құрылғылардың драйверлері олармен бірге дискілерге жазылып таратылады. **Утилиталар** – компьютерге мұрағаттау, дискілердегі ақпараттың бұзылмауын тексеру, қажетті файлдарды іздеу сияқты қызметтер көрсететін шағын программалар. *V Топтық жұмыс:* 1топ: -Жүйелік программалық жабдықтамаға қандай программалар кіреді? Операциялық жүйе деген не? 2топ:-Қолданбалы жүйелік программалар дегеніміз не? Қолданбалы программаларға қандай программалар кіреді? Практикалықжұмыс 1-Тапсырма 1.Көрсетілген компьютерлік бағдарламаларды қамтамасыз ету типіне сәйкес бөліп жазыңыз. 5e00791e4544f.png Image not found or type unknown	
Сабақтың соңы (17 минут)	*VI Сабақты бекіту* **«Ұшақ»** әдісі ұшақтың қанатына жаңа тақырып бойынша сұрақтар жазып екі топ өзара ұшақты ұшырып, алмасады және өзіне ұшып келген сұраққа жауап береді. *VII Кері байланыс* **«Мұғалімге жеделхат»** әдісі сабақ барысында түсініксіз болған ақпараттар мен сабақтағы ұнамды сәттерді конвертке түсіріп, почта жәшігіне салады. *VII Үй тапсырмасын беру* *74 бет «Талдау» деңгейі бойынша салыстырма жүргізіп келу.*	